

## **Жамбыл облысындағы химия саласының кәсіпорындарын табиғи газбен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 ақпандағы N 220

Жамбыл облысындағы химия саласының кәсіпорындарын тікелей шаруашылық шарты бойынша келіп түсетін табиғи газбен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

N 3 газ бөлу станциясынан бастап Жамбыл ГРЭС-нің газ бөлу пунктіне дейінгі және N 2 газ бөлу станциясынан бастап "Нодфос" акционерлік қоғамының газ бөлу пунктіне дейінгі газ құбырының учаскелерін, қолданып жүрген заңдармен белгіленген тәртіппен, "Жамбылгаз" акционерлік қоғамының жарғылық қорынан бөліп шығару жөніндегі мәселені шешсін;

жоғарыда аталған учаскелер "Жамбылгаз" акционерлік қоғамының жарғылық қорынан бөлінгеннен кейін, оларға шаруашылық жүргізу құқығын газбен қамтамасыз ету көзделген сызбаға сәйкес, олардың тұрғындарды газбен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындау шартымен "Нодфос" акционерлік қоғамына өткізсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі